

ҰБТ-2024-25: Шекті балл деңгейі қандай

Педагогикалық мамандықтар бойынша білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін ҰБТ-ның шекті балы 75-ке дейін ұлғайтылды. Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін немесе ақылы негізде оқуға түсу үшін: «Педагогикалық ғылымдар» саласы бойынша кемінде 75 балл;

Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» саласы бойынша кемінде 65 балл;

«Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» білім беру салалары бойынша кемінде 60 балл;

Ұлттық жоғары оқу орындарына түсу үшін – кемінде 65 балл, ал басқа жоғары оқу ұйымдарына кемінде 50 балл қажет.

Айта кетейік, педагог мамандығын таңдаған «Алтын белгі» иегерлерінің саны екі есеге артқан.

Таратылған мәліметке қарағанда, мемлекеттік білім грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін ҰБТ 15 сәуірде басталып, 30 маусымға дейін жалғасады. Тестілеу биыл да электрондық форматта өтеді. ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығының директорының мәліметі бойынша, жалпы, тест тапсырмаларының саны өзгермеді, 5 пән қалды. «Екі бейінді және үш міндетті пән қамтылады.

Тест тапсырмалараның саны – 140, оның ішінде Қазақстан тарихы бойынша – 20, математикалық сауаттылық бойынша – 10, оқу сауаттылығы– 10 және екі бейіндік пәннен 35 тапсырма